



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

“ЖУАЛЫ МҰЗ АЙДЫНЫ”

Жоба жетекшісі: Сатар Қуаныш Расылханұлы



Жобаның негіздемесі

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары бойынша спортқа ерекше көңіл бөлу керектігін атап өткен болатын.

Онда Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің салынуы, сонымен қатар дене шынықтырумен айналысу үшін аулаларды, парктерді, саябақтарды жабдықтау және спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру қажет екендігі айтылған болатын.

Сол себепті де мен спорттың бір түрін ауданымызда дамыту жолында осы жобаны таңдап отырмын. Егерде бұл жоба болашақта іске асып, осындай мұз айдыны ауданымызда ашылып жатса орталыққа келетін әрбір бала жастайынан бастап уақытын тиімді өткізіп, өз-өзің дамытып және өзінің бойындағы белгілі бір қабілеттерін аша алатын еді. Көптеген отбасылар балаларына көңілді демалыс сыйлау үшін облыс орталығына баруға мәжбүр. Балалардың қажеттілігін алысқа бармай-ақ тұрғылықты жерден қанағаттандырып, қосымша шығын болдырмау үшін бұл жоба тиімді болар еді.



Жобаның SMART мақсаты

Екі жыл мерзімде баланың қажеттілігіне байланысты мәнерлеп сырғанайтын мұз айдының салу.





Жобаның міндеттері

1. Қажетті жабдықтарды сатып алу;
2. Орталыққа балаларды жаттықтыра алатын қабілетті, білікті жаттықтырушылар тарту;
3. Бала кезден салауатты өмір салтын ұстауға үйрету;
4. Конькиге деген қызығушылықтарын арттыру.





SWOT талдау

Күшті жақтары

- Небәрі бір сағат коньки тебу бірнеше сағат жүгірген кездегі калорияны кетіреді;
- Аяқ пен сан және жамбастағы бұлшық еттерді дамытады;
- Физикалық белсенділік жағымды көңіл күй сыйлайды;
- Өтпелі кезеңде коньки тебу баланың өзіне деген сенімін күшейтеді.

Әлсіз тұстары

- Жаңадан бастаған әрбір адам жарақаттан қашып құтыла алмайды;
- Қол, аяқ, бастан алатын жарақаттар болады;
- Сіңірдің созылып қалуы және аяқтың сынуына дейін әкеліп соғуы мүмкін.



SWOT талдау

Мүмкіндіктер

- Ауданда спорттың бір түрі коньки тебуден кешен ашылады;
- Балалардың қызығушылығы артады;
- Жаңа жұмыс орны ашылады;
- Қосымша табыс көзі болады.

Қауіптер

- Үйренгенше денсаулыққа зақым келуі мүмкін;
- Ашылуға қомақты қаражаттың қажеттілігі.



	<i>Инициация</i>	<i>Жоспарлау</i>	<i>Орындау</i>	<i>Басқару</i>	<i>Жабылу</i>
<i>Интеграция</i>	<i>Жоба жарғысын дайындау</i>	<i>Жоба жоспарын әзірлеу</i>	<i>Жоба бойынша жұмыстарды жүзеге асыру</i>	<i>Жоба жұмысын басқару; өзгерістерді басқару</i>	<i>Жоба немесе фазаның жабылуы; талдау жүргізу</i>
<i>Стейкхолдерлер</i>	<i>Стейкхолдерлерді анықтау, жұмысқа тарту</i>	-	<i>Стейкхолдерлердің жұмысының орындалуын бақылау</i>		-
<i>Мазмұны</i>	-	<i>Жұмыстың мазмұнын, жұмыс жоспарын анықтау;</i>	-	<i>Мазмұнға сай жұмысты басқару</i>	-
<i>Ресурстар</i>	<i>Жобаны жүзеге асыратын команданы басқару</i>	<i>Ресурстарды бағалау; жоба құрылымын дайындау</i>	<i>Командалық жұмысты жүзеге асыру, құрал жабдықтарды алу</i>	<i>Командамен ресурстарды басқару;</i>	-
<i>Сатып алулар</i>	-	<i>Сатып алуды жоспарын жасау</i>	<i>Кәсіпкерлермен мердігерлерді анықтау</i>	<i>Сатып алуды басқару</i>	-



	<i>Инициация</i>	<i>Жоспарлау</i>	<i>Орындау</i>	<i>Басқару</i>	<i>Жабылу</i>
<i>Мерзімдер</i>	-	<i>Жұмыстың ретін, ұзақтылығын анықтау, жұмыстың күнтізбелік жүйесін жасау</i>	-	<i>Күнтізбелік кестені басқару</i>	-
<i>Құны</i>	-	<i>Құның бағалау; бюджетін әзірлеу</i>	-	<i>Құнын басқару</i>	-
<i>Тәуекелдер</i>	-	<i>Тәуекелдерді анықтау, бағалау</i>	<i>Тәуекелдерге шара қолдану</i>	<i>Тәуекелдерді басқару</i>	-
<i>Сапа</i>	-	<i>Сапаны жоспарлау</i>	<i>Сапаны қамтамасыз ету</i>	<i>Сапаны басқару</i>	-
<i>Коммуникациялар</i>	-	<i>Жоспарлау</i>	<i>Ақпарат тарату</i>	<i>Басқару</i>	-



Жобаның тәуекелдері

1. Қаражат мәселесі;
2. Керек құрал-жабдықтармен аяққа киетін конькилердің бағаларының қымбат болуы;
3. Тренер-жаттықтырушылар тобының аздығы .





Пікір

Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Сергей Пахомовтың Ақтау қаласындағы мұз айдынына қатысты айтылған оң пікірі өте көп.

Бұл мұз айдыны ашылғалы балалардың қызығушылығы артып, иммунитеттері артып, тіпті суық тиіп ауырған балалардың азайғандығын, сонымен қатар білікті тренерлер балаларды өте жоғары деңгейге көтеретіндігі де айтылған. Сондай-ақ балалардың күн өткен сайын көптеп келуіне байланысты үлкен мұз айдыны ашылатындығында атап өтті.





Қызығушылық танытатын тараптар





Қорытынды

Ауданымызда мұз айдыны жүзеге асып, жан-жақты қолдау тауып ашылып жатса ең алдымен балалардың сабақтан тыс уақытта өздерінің бойындағы ашылмай қалған қабілеттерін дамытуға және ересектер үшін демалыс күндері (сенбі, жексенбі) көңіл көтеріп, сергіп қайтатын орын болатыны сөзсіз.

Себебі ауыл тұрғындарына қалалы елді мекендерге бару аздаған қиыншылық туғызатыны анық. Ал үйде отырған балалардың бос уақыттарында не істерін білмей телефон қараумен өткізетіндері өкінішті.

Сол себепті де бұл жоба ең алдымен ауданымыздың дамуына, тұрғындардың бос уақыттарын тиімді өткізуіне өз ықпалын тигізе алатын еді. Тіпті Жуалының қысы қатты табиғаттың өзі осы жобаны жүзеге асыруға қолайлы.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!